

**Целиноград ауданы бойынша мақсатты топқа кіретін халықты орналастыру үшін қосымша жеке тұлғалар тізбесін құру туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 26 қаңтардағы № А-0/7 қаулысы. Ақмола облысы Целиноград ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 26 ақпанда № 1-17-131 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № А-6/299 қаулысымен

***Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімінің 2010.12.31 № А-6/299 қаулысымен.***

Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы Заңының 5 бабы 2 тармағына сәйкес, 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 31 бабын негізге ала отырып Целиноград ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Целиноград ауданы бойынша мақсатты топқа кіретін халықты орналастыру үшін қосымша жеке тұлғалар тізбесі құрылсын.

- 1) ұзақ уақыт жұмыс істемегендер (бір жылдан артық);
- 2) жиырма төрт жасқа дейінгі жастар;
- 3) 50 жастан асқан жұмыссыздар;
- 4) бірде – бір жұмыс істемейтін отбасылар;
- 5) бұрында жұмыс істемегендер.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Целиноград ауданының әкімінің орынбасары **Б.А. Жанбаевқа** жүктелсін.

3. Осы аудан әкімінің қаулысы Целиноград ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М.Мынжанов*